Шет өңірі,2023.-10 тамыз (№32).-1 б



Абай Құнанбаевтың 178 жыл толуына орай

# АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕКТІ БІРДЕЙ ҰСТА, СОНДА ТОЛЫҚ БОЛАСЫҢ ЕЛДЕН БӨЛЕК

Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жаткан ең басты мәселелердің бірі. Жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп жетіліп, жарасымды дамыған, яғни толық адам болуы жайында ойлар пікір күресін тудырып келуде. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе - адам болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттары неден тұрмақ дегенге әр заман ойшылдары өз ұғым-нанымы, заман талабы тұрғысынан жауап беріп келді. Бұл іспеттес тарихи сұрау Абай өмір сүрген XIX ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды. Абай өзінің гуманистік танымы тұрғысынан осы қоғамдағы өмір сүруші жастардың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөлген. Абайдың 1889 жылы өлеңді барынша өндіре жазған жылдары дүниеге келген «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» деген өлеңінде-ақ адам бойындағы ақыл, қайрат, жүрек жөніндегі күрделі ұғымға алғаш рет ерекше назар аударып, ой толғай бастайды. Осы үштік ұғымының философиялық мән-мағынасынан өз өмірінің соңғы шағына дейін қол үзбей, оған, негізінен гуманистік астар бере отырып, өзіндік ой байламдарын жан-жақты таратып беруге ұмтылған ақынның белсенді әрекетін көреміз. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек»,- дегенде Абай толық адам хақында ұстанған көзқарасына сай сипаттарды түгел қамтитын елеулі ұғымдардың басты-бастыларын жай-дан-жай атап отырған жоқ.

Абай өзінің дүниетанымында ақыл, қайрат, жүректің бірлігіне аса зор мән бере қарайтын себептен: «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек»,- деп аталмыш үштіктің қоғамдық санадағы алатын орны мен мағынасын білудегі ғылымға жүгініп, оған сілтеме жасауында да мән бар. Соңғы жылдардағы шығармаларында осы үштіктің гуманистік табиғатын ұзақ жылдар бойы сарыла зерттеп, осы жолда өзі келген ой байламдары мен танымын өлендері мен қарастырып, өздерінде белсене насихаттауға күш салған. Сыншыл ақын өзі жасаған әлеуметтік ортаның бойындағы адамшылыққа жат мінез-құлқын терең танып, ол туралы шыншыл да өткір сындарын «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»,«Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың», «Қайғы шығар ілімнен», «Сегіз аяқ» өлендерінде жеріне жеткізе айтады да. Осы өлендерінде таңбалаған өз ортасының надандық қалпынан туындаған жат қылықтармен жалғыз алысқан ақын оларға жалпы адамзат баласының бойындағы үш асыл қасиетті қарсы қойып, оны меңгеруге үндейді.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,-дейді. Мұндағы «нұрлы ақыл» деген сөздің негізгі мағынасы Абайдың толық адам жөніндегі ұғымдарымен тұтасып жатқандықтан, ол ыстық жүректің ырқымен жүретін, тек қана рахым, шапағаттың дегенін іске асыратын гуманистік жолдағы ізгілікті ақылдың игілікті қызметін көрсетіп отыр. Ал, жүректі өз ырқына көндіріп, айла мен амалдың айтқанын істейтін ақылды Абай «нұрлы ақыл» демей, оның антиподы ретінде «суық ақыл» деген анықтаушы сөзбен береді. Яғни, Абайдың «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Ақылдың тілін алса жүрек ұмыт қалады»-деген қортындысымен үндес жатқанын көреміз. Абай-адамның өзін тануы жөніндегі ғылымға яғни адам жанының сырына өз шығармаларының өн бойында мол тоқталып, өз танымы тұрғысынан көптеген тың ойлар, жаңаша тұжырымдар айтқан дербес ойшыл ақын. Атақты «әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің басты идеялық мазмұны да ұлы ақынның зор адамгершілік мұраттарының тікелей көрінісін өте ұтымды образды түрде бере алған:

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шафғат кімде бар
Сол жарасар туғанға» дегендегі әділет, шафғат сөздері жүректің баламасы ретінде беріліп, он жетінші қарасөздегі айтылар ойдың түйіні мен желісі бүтіндей қайталанады. Абай он жетінші сөзде жүректің билігінсіз ақыл, қайраттың әр әрекеті екі ұшты, сыңаржақ құбылыс деп білсе, аталмыш өлеңінде де жүректің, яғни оның баламасы әділет, шапағаттың жетегінсіз ақыл, қайрат дегенін өрісі тар, зұлымдыққа бейім, су аяғы құрдымға соқтырар нәрсе деп қарайды.

Ақынның:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боларсың елден бөлек,-дегендегі басты ой байламының салмағы да «Сонда толық боларсың» деген ерекше мән - мағына берілген сөзде жатыр.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі адамшылықтың негізі ретінде берілетін ақыл, қайрат, әділет, шафғат ұғымдары бір-бірімен мағыналық жағынан тікелей байланыста жатқан қастерлі ұғымдарға жатады. Осы өлеңдегі ақыл, қайрат, әділет, шафғат сияқты адамшылық негізіндегі ұғымның жеке адамды тәрбиелеу жолындағы рөлін Абай қазақ қоғамы үшін биік тұғырға көтереді.

Сол сияқты Абайдың поэзиясын суарып, жасартып тұратын ауа мен нәрлі бұлақ-туған халқы. Өлеңдері басылған сайын Абай да көктемгі ормандай жасара бермек. Ал, халық бар жерде, оның адал перзенттері де мәңгі жасамақ. Міне, Абайдың өзі көзден таса болса да сөзі көңілге ыстық көрінетіні содан, Ұлы атамыздың бізге берген еншісі, қалдырған аманаты осы асыл сөздері. Біз оны ардақтаймыз да мәпелейміз. Аз өмір сүріп, азапта өткен Абай бүгін бізбен бірге жасап отыр.

Мендей ғарып кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса сол алсын.

Кешегі мылқау күш, күңгірт дүниеде жалын боп жанып, жарқ етіп сөнген Абайдай адал жанға біздің айтарымыз, қабыл аламыз асыл сөздеріңізді, көздің қарашығындай сақтаймыз. Өзің айтқан қары қалың қыстан соң көп ұзамай жадырап жаз да келеді.Мынау жадыраған жарқын өмірдің жазында біз әрқашанда саған борыштымыз. Сенің рухыңды тебіренткен сөз шебері Толстой, жыр шебері Пушкин, Лермонтовқа да борыштымыз. Біз әрқашан саған орнатқан ұлы ескерткіштің түбіне барып бөркімізді алып бас иеміз. Дүние жүзі классиктері мен орыс классиктерінің қалай үйрену өрнектерін әуелі сенен үйрендік. «Әкенің баласы болма, адамның баласы бол - адам баласы бауырың» деген өсиетіңді көкіректе нық сақтаймыз.

Абайдың осындай өсиетін және М.Әуезовтің эстетикалық өнегеүлгісін бүгінгі біздің ата-аға буындарымыздағы өнер қайраткерлері қалтқысыз, риясыз орындады.

**Бауыржан РЫСБЕКОВ,**
**Талды жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
**Талды ауылы.**